

## «Парасаттылық мектептері» есебі

2023 жылдың 27 ақпанында Қазақстан халқы Ассамблеясы және элеуметтікгуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушылары Садвакасова Р.М., Сейдинова М.А., Жуматова Г.М., университет студенттеріне «Парасаттылық мектеп» аясында «Адалдық сағатын» өткізді. Адалдық сағаттарының басты мақсаты жастарға адалдық, әділдік, парасаттылық, сенім құндылықтарының маңызын түсіндіру болып табылады. Адалдық - бұл сана мен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін қалыптастырудың негізі. Шыншылдық қасиеті бар адам кез-келген ортада арам ниеттерден аулақ жүреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жастар маңызды рөл атқарады. Ерте жастан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу бұл элеуметтік зұлымдықты жояды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда барлық жастар бірлестіктері мен үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін жұмылдыратын жастар осы істің алдыңғы шебінде жүруі тиіс. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлықпен күресу бүкіл қоғамның ісі екенін түсінуі керек. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің қандай тәсілдері қолданылғанымен, әрбір адам бойында адалдық, отансүйгіштік, парасаттылық сияқты қасиеттерді бойына сіңірмегенге дейін бәрі бекер.

<https://www.instagram.com/p/CpKSE4Goaaa/?igsh=MTc4MmMlYmI2Ng==>



2023 жылдың 1 қыркүйегінде «парасаттылық мектебі» қызметі аясында ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушылары бірінші курс студенттеріне «Парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарын қалыптастыру» тақырыбында дәрістер оқыды.

Дәріс Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-нің барлық факультеттінің 1 курс студенттеріне өткізілді. Дәріс барысында студенттер «Саналы ұрпақ» студенттік клубының және парасаттылық мектебінің мақсаттарымен, міндеттерімен, жұмыс жоспарларымен танысты. Дәріс барысында

университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары, Студенттердің ар-намыс кодексі, студенттерге қызмет көрсету орталығының, Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары, оларды қолдану саласы және жұмыс режимін ұйымдастыру арналды. Материалдық залал келтіруге, бөтеннің мүлкін қасақана жоюға немесе бүлдіруге және осы теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің негізгі түрлеріне ерекше назар аударылды.

<https://www.instagram.com/p/CxpPx9DooCG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

